

Меркі ауданы аумағында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Меркі аудандық мәслихатының 2014 жылғы 17 қарашадағы № 34-3 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2014 жылғы 18 желтоқсанда № 2432 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Меркі аудандық мәслихатының 2016 жылғы 3 наурыздағы № 49-8 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды – Жамбыл облысы Меркі аудандық мәслихатының 2016 жылғы 3 наурыздағы № 49-8 шешімімен (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы Заңының 10 бабына сәйкес Меркі ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу мақсатында Меркі ауданының аумағында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу орындары қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Меркі аудандық мәслихатының " Аумақты экономикалық дамыту, қаржы, бюджет, әкімшілік аумақтық құрылым, адам құқығын қорғау мәселелері және жер учаскелерін сатып алу туралы шарттар жобаларын қарау" жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы
Ә. Керімқұлов*

Аудандық мәслихат хатшысы

І. Ахметжанов

Меркі аудандық мәслихатының
2014 жылғы 17 қарашадағы
№ 34-3 шешіміне қосымша

Меркі ауданы аумағында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу орындарының тізбесі

№	Елді мекендер атауы	Бейбіт жиналыстар, митинг, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізілетін орындар
1	Ақтоған ауылдық округі	Меркі ауылдық округі, Ә. Ысмайлов көшесі, Орталық саябақ.
2	Жамбыл ауылдық округі	
3	Меркі ауылдық округі	
4	Сарымолдаев ауылдық округі	Ойтал ауылдық округі, Парковая көшесі, Ойтал ауылының саябағы.
5	Ойтал ауылдық округі	
6	Т.Рысқұлов ауылдық округі	
7	Ақарал ауылдық округі	
8	Сұрат ауылдық округі	Андас батыр ауылдық округі, Ә. Шотайұлы көшесі № 39, Андас батыр ауылдық округі ғимаратының алдындағы алаң.
9	Жаңатоған ауылдық округі	
10	Андас батыр ауылдық округі	
11	Кеңес ауылдық округі	Акермен ауылдық округі, Төле би көшесі № 32, Акермен ауылдық клубының алдындағы алаң.
12	Тәтті ауылдық округі	
13	Аспара ауылдық округі	
14	Акермен ауылдық округі	